

A2 – базовый уровень	Учащиеся могут написать математическую задачу, связанную с жизнью, используя бытовую лексику.
B1– средний уровень	Учащиеся могут построить график и презентовать его школе, отразив в нем информацию о ценах на конфеты в их школьной столовой.
B2– уровень выше среднего	Учащиеся могут написать отчет, включая визуальные исследования о среднем расстоянии, которое проходят в течение года учащиеся, добираясь до школы.

Использование вышеприведенных в таблице данных позволит выявить уровень сформированности определенных навыков у учащихся, что поможет в дальнейшем определении траектории развития каждого ученика и более успешному планированию деятельности на уроке.

Список литературы:

1. <https://quizlet.com/145393541/circle-flash-cards/>
2. <https://courses.lumenlearning.com/precalctwo/chapter/solving-applied-problems-using-the-law-of-cosines/>
3. <https://www.wallstreetenglish.ru/services/cefr/>

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА

Ибраева Аида Атотбергенкызы
«Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің
№2 Қазанбасы орта мектебі» ММ

Аннотация

Жаңартылған білім беру бағдарламасы педагог тұлғасын жан-жақты қалыптастырып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, білім алушылардың оқу нәтижелерін көтеруге, оқушыларға қолайлы орта құрып, сын тұрғысынан ойлауға және алған білімін өмірде қолдана білуге бағытталған. Мақсаты: спиральді оқыту жүйесі негізінде педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіре отырып, оқушының функционалды оқу сауаттылығын қалыптастырып, оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра алуға көмектеседі.

Аннотация

Актуальность работы состоит в том что «Обновленная программа обучения» направлена на формирование всесторонне-развитой личности педагога, вооружая его новыми методами обучения, способствующие повышению качества результатов обучения, создавая коллаборативную среду для учащихся, умеющих критически мыслить и применять свои навыки на практике. Цель статьи является совершенствование профессиональной компетентности педагога на основе спиральной системы обучения, которая поможет сформировать функциональную грамотность ребёнка, чтобы впоследствии ребенок мог применить свои знания и навыки в жизни.

Түйінді сөздер: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, Өлкетану, дамыған тұлға, коллаборативті орта, функционалды сауаттылық.

Ключевые слова: программа «Рухани жаңғыру», Өлкетану, развитая личность, коллаборативная среда, функциональная грамотность

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты- білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандық жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында еліміз дамуының барлық Стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды.

Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз- белсенді, білімді және деңсаулығы мықты азаматтар»-деген. [1].

Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі- жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор. [2].

Қазіргі біздің міндетіміз ғылым мен техниканың даму заманына сәйкес, оқушының бойында білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Осындай талапқа сай, қызмет істеу үшін біз ұстаздар үздіксіз ізденісте болып, кәсіби біліктілігімізді арттыруымыз қажет.

Қазіргі инновациялық оқыту оқушыларымыздың өз бетінше әрекет етіп, білімді меңгеруіне ықпалын тигізеді. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділіктерін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу маңызды рөл атқарып, оң нәтиже береді. [3].

Қазіргі білім заманында, заман талабына сай жаңа бағдарламаға сәйкес бір орында тұрып қалмай, алға қарай самғау керекпіз.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім алушылардың оқудағы нәтижелерін жетілдіру, дамыту, өркендету.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан оң әсер алып, болашақта кәсіби өсуіме септігін тигізіп жатыр. Курста жаңа бағдарламаның негізгі идеясы қандай, мазмұны қандай, мақсат-міндеттермен таныса отырып, тиімді әдістер жүйесін қалай қолдануға болатынын үйрендім. Бұл бағдарлама негізінде курста өткен тиімді әдістер жүйесін қолдана отырып, оқушыларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, оқуға жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарауына септігін тигізіп жатыр.

Курстан алған білімімізді сабақта теория мен практиканы ұштастыра отырып, қолданып жатырмыз. Мысалы 5-7 сыныптарда «Тірі ағзаларды микроскопиялық зерттеу», «Дүниежүзі халқының нәсілдік құрамы», «Литосфералық катаклизмдер», «Топырақтың экологиялық проблемалары» тақырыбында ашық сабақтар өткізу барысында оқушыларға білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау ойлау дағдыларын дамытатын тапсырмалар беріліп соңында дескрипторлар ұсынылады. Дескрипторларды оқушылар оқып мәліметті ой-елегінен өткізіп, бұл тапсырмадан қорытынды жасап, маңызды мәліметтерді өздеріне алады. Мысалы география сабағында «Дүниежүзілік нәсілдер» тақырыбында оқушыларға қолдану, талдау, жинақтау ойлау дағдысына сәйкес картамен жұмыс, яғни есімі ұлы кісілерді танып, қандай нәсілге жататынын анықтап, географиялық орнына сәйкес орналастыру. Бұл жерде оқушылар біріншіден, ұлы тұлғаларды таниды, екіншіден қандай нәсілге жататынын біледі, үшіншіден таралу аймағын талдай алады және картамен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады, артады. Спиральді оқыту жүйесінің мәні осында, яғни жеңілден күрделіге бағытталып, бірнеше ойлау дағдылары бір-ақ тапсырмада қамтылып, оқушылардың ойлау дағдыларын бір тапсырма арқылы дамытуға болады. Әрбір тапсырма сайын дескриптор арқылы нені ұғып алу керектігін оқушы түсінеді. Алған білімдерін өмірмен ұштастырып, қолдана алады.

Әр тапсырманың соңында дескриптормен қатар кері байланыс жүреді. Кері байланыс бағдарлам, қол шапалақ, көңіл-күй смайлигі т.б. ретінде болуы мүмкін. Өз сабақтарымда оқушылар нені меңгеріп, қандай жерлерде қиналып жатқанын немесе түсінбегенін білу мақсатында қол шапалақ, смайликтерді, бағдарламды қолданамын.

Жаңартылған оқулықтарда бір байқағаным, ғылыми-зерттеу жұмыстары, зерттеуге негізделген сарамандық жұмыстар, тәжірибелер молынан берілген. «Мың естігенше, бір рет көр» дейді. Оқушылар визуалды түрде көрген бейнені тез қабылдап алады, талдай алады, саралайды, баға бере алады, өз ойын жетік айтып, дәлелдер келтіре алады. Сабақты меңгеруге жақсы септігін тигізетін зерттеу тапсырмалары молынан берілген. Мысалы, 5 сыныптағы «Микроскопиялық зерттеу» тақырыбында оқушылар микроскоптың қызметін оқи отырып, практикада сарамандық жұмыстар жасап, теорияда алған білімін ұштастырды. Оқушылардың бойында микроскоп жайлы ой қалыптасты.

Немесе 7 сыныбында «Топырақтың экологиялық проблемалары» тақырыбында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде «Туған жер» жобасының «Өлкетану» бағыты бойынша оқушылар жергілікті топырақ үлгілерімен танысып, зерттеу жасады. Қара топырақ пен сортаңданған, эрозияға ұшыраған топырақтарды айыра отырып, бір-бірімен салыстыра білді, өткен сабақтармен ұштастыра отырып механикалық құрамын айқындады, топырақ эрозиясымен күресу шараларының жолын іздестірді.

Сонымен қатар «Жаңа бағдарламаның» мақсаты оқушыларды шығармашыл жеке тұлға ретінде дамыту. Осы мақсатты көздей отырып 7 сыныпта «Литосфералық катаклизмдер» тақырыбы аясында оқушылар катаклизмнің бір көрінісі ретінде вулканның макетін өздерінше жасап шықты. Жасау процесінде вулканның құрылысын түсіне отырып, ой-елегінен жеңіл өңдеп, сабаққа деген құлшыныстары артты.

Сөзімді қорытындылай келе, «Жаңартылған білім-болашақтың кепілі». Ал сол білімнің негізін қалайтындар - оқытушылар. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеліп отыр. Бағдарламаның негізіне айналған «өмірмен байланыс» ұғымын әрқашан оқушылардың көкейлеріне түйе - бұл ұстаздың міндеті! Ендеше құдыретті ұстаз атына лайық жандылар көбейе берсін!

Әдебиеттер тізімі:

1. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың мақаласы Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru> (дата обращения 19.01.18)

2. Жаңартылған бағдарлама- білім берудің жаңа мазмұны <http://www.bilim-all.kz/jospar/2841-Zhanartylgan-bilim-mazmuny---zaman-talaby> (дата обращения 20.01.18)

3. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында <http://www.orleu-almobl.kz/> (дата обращения 22.01.18)

ВИЗУАЛДЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

Исина Асем Балгабаевна
Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қостанай қ.

Аннотация

Мақалада мұғалімнің жеке кәсіби даму жұмысының тәжірибесі көрсетілген. Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқушының төрт тілдік (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дағдысын дамытады. Мақалада визуалды материалдарды қолдану арқылы оқушылардың айтылым дағдысын дамыту жолдары көрініс тапты. Жұмыс қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша екінші тіл аудитория оқушылары арасында өткізіледі.